

Экспорт режимінде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарлар әкету фактін кеден органдарының растауы туралы мәліметтер нысаны мен оларды тапсыру тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 19 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 19 қаңтардағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4518 болып енгізілді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес экспорт режимінде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарлар әкету фактісін кеден органдарының растауы туралы мәліметтер нысаны бекітілсін.

2. Салық органдары осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген нысан бойынша мәліметтерді тапсыру туралы тиісті аумақтық кеден органдарына қосылған құн салығын қайтарып алу туралы салық төлеушілердің өтініштері бойынша салық тексерулерін басталған күннен 3 жұмыс күні ішінде жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Аумақтық кеден органдары осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген нысан бойынша мәліметтерді сауал салуларды алған күннен 15 жұмыс күні ішінде тиісті салық органдарына тапсырсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Салық әкімшіліктендіруі басқармасы (А.М.Қыпшақов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Ұйымдастыру-қаржылық қамтамасыз ету басқармасы (Г.Ә.Смағұлова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға шаралар қабылдасын.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Салық комитеті төрағасының м.а.

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының

Кедендік бақылау агенттігінің

Төрағасы

Экспорт режимінде Қазақстан Республикасының
кеден аумағынан тауарлар әкету фактісін растау
туралы мәліметтер

СЭҚ қатысушысының атауы _____

СТН-і, заңды мекен-жайы _____

Тексерілетін кезең: 20__ ж. " __ " ____ бастап

20__ ж. " __ " ____ дейін

Жүк кедендік декларациялардың деректері							
Келісім-шарт (қосымша келісім-шарт; келісім; қосымшалар) (N, күні)	Мәміленің паспорты (N, күні)	N ЖКД	Қаржылық реттеу үшін жауапты тұлға (атауы)	Жіберуші (атауы)	Алушы (атауы)	Көліктік құжаттар (N, күні)	Шот-фактура, инвойс (N, күні)
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Жүк кедендік декларациялардың деректері							
Магистральдық құбырлар жүйесі бойынша тауарларды қабылдау-беру актісі	Фактуралық құны (келісім-шарт валютасында)	Валюта коды	Келісім-шарт валютасының бағамы	Баратын елі	Экспорттық режимде тауарды кедендік ресімдеген кеден органының коды (атауы)	ҚР кеден шекарасындағы бекетте орналасқан кеден органының коды (атауы)	ҚР кеден шекарасындағы бекетті кесіп өту күні
9	10	11	12	13	14	15	16

Тауарларды сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (айырбас) операциялар бойынша нақты әкетуді жүзеге асыру

Сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (айырбас) операциялар бойынша келісім-шарт (N, күні)	Экспорттық ЖКД N	Қаржылық реттеу үшін жауапты тұлға (атауы)	Жібе. руші (атауы)	Алушы (атауы)	Көлік. тік құжат. тар (N, күні)	Шот-фак. тура инвойс (N, күні)	Фактур. лық құны (келі. сім-шарт валюта. сында)
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Тауарларды сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (айырбас) операциялар бойынша нақты әкетуді жүзеге асыру

Валюта коды	Валюта бағамы	Баратын елі	Экспорттық режимде тауарды кедендік ресімдеген кеден органының коды (атауы)	ҚР кеден шекарасындағы бекетте орналасқан кеден органының коды (атауы)	ҚР кеден шекарасындағы бекетті кесіп өту күні
9	10	11	12	13	14

Тауарларды сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (айырбас) операциялар бойынша нақты әкетуді жүзеге асыру

Сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (айырбас) операциялар бойынша келісім-шарт (N, күні)	Им. порт. тық ЖКД N	Қаржылық рет. теу үшін жауапты тұлға (атауы)	Жібе. руші (атауы)	Алушы (атауы)	Фак. тура. лық құны (келісім-шарт валю. тасында)	Валю. та коды	Валюта бағамы	Жіб. ере. тін елі	Им. порт бағы. тында тауарды кедендік ресімдеген кеден органының коды (атауы)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Жауапты орындаушы: _____
(қолы) (аты-жөні)
Телефоны: _____

Кеден/кедендік бақылау _____
департаментінің бастығы (қолы) (аты-жөні)
М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ